

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" акционерлік қоғамын құру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 тамыздағы N 878 Қаулысы

2005 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні мыналар болып белгіленсін:

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы қазақстандық бөлігінің инфрақұрылымын құру, дамыту және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

оны құру мақсаттарына қол жеткізу мақсатында қызметін "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қазақстандық бөлігінің аумағында жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен және шаруашылық жүргізуші субъектілермен өзара і с - қ и м ы л ж а с а у ;

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын дамытудың ағымдағы, ұзақ мерзімді бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қазақстандық бөлігінің аумағында Келісімде айтылған қызмет түрлерін жүзеге асыруға әлеуетті и н в е с т о р л а р д ы т а р т у ;

Келісімде айтылған және "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қазақстандық бөлігін басқару жөніндегі уәкілетті органмен келісілген шаруашылық қызмет түрлерін жүзеге асыру.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруға 2005 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 200000000 (екі жүз миллион) теңге бөлсін.

4. Алматы облысының әкімдігі заңнамада белгіленген тәртіппен географиялық координаттары, орналасу схемасы және шекаралары Келісімде келтірілген алаңы 120 (бір жүз жиырма) гектар жер учаскесін қайтарымды ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында Қоғамға берсін.

5. Қоғам ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджетке өтеуден босатылсын

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын берсін;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп:

- 1) Қоғамның жарғылық капиталын осы қаулының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінетін қаражаттан 200000000 (екі жүз миллион) теңге мөлшерінде қалыптастыруды;
- 2) Қоғамды Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Сыртқы істер, Көлік және коммуникация, Қаржы министрліктерінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (келісім бойынша), Алматы облысы әкімдігінің өкілдерінен және Қоғамның атқарушы органының басшысынан Қоғамның директорлар кеңесін қалыптастырсын.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.14. N 164 қаулысымен.

8. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

2 5

т а м ы з д а ғ ы

№ 8 7 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 38-3-жолмен толықтырылсын:

"38-3. "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" АҚ".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесі:

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 237-18-жолмен толықтырылсын:

"237-18. "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" АҚ (Алматы облысы)".

3. "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын құрудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қыркүйектегі N 981 қаулысында:

5-тармақ алынып тасталсын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.**

5. "Тоқыма өнеркәсібі" пилоттық кластерін дамытудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 858 қаулысында:

3-тармақта "1000000000 (бір миллиард)" деген сөздер "500000000 (бес жүз миллион)" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 5 т а м ы з д а ғ ы

N 8 7 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК